
ТАЛАС ЖӘНЕ ШУ ӨңІРІНДЕГІ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ТАРИХЫ

Н.Н.Кәдірімбетова–

Ә.Х. Марғұлан атындағы. Археология институтының ғылыми қыметкері

Ортағасырларда Талас және Шу өңірлерінен Жібек Жолының бір тармағы Түркі жолы өтті. Түркі жолының басты жолға айналуының себебі, ең алдымен Шу, Талас өңірінің түркі қағанаттарының ата жұртына айналып, қағандардың ордаларының осында орналасуы еді. Бүгінгі таңда түркі халықтарынан бізге жеткен тарихи ескерткіштер Талас, Шу өңірлерінде кеңінен таралған. Ашық аспан астында тұрған бұл ескерткіштер қала-қоныстар, жерлеу орындары, ғұрыптық ескерткіштер ретінде көрініс табады.

Ортағасырларда бұл аймақта көптеген қалалар мен елді мекендер бой көтеріп, көркейіп, ірі мәдени ошақтар қалыптасып, қолөнер мен сауда-саттықтың дамуына мол мүмкіндіктер ашылды. Ортағасырлар кезеңінде Қазақстанда гүлденген көптеген қалалар өмір сүрді. Олардың тамаша архитектуралық үйлесімділіктері, сарайлары, мешіттері, ұлық мавзолейлері, медреселері, ұстаханалары, шеберханалары кімді болмасын таңқалдырмай қоймаған.

Талас және Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен жазғы жайлаулар жайында жазба деректерде мәліметтер баршылық. Сондай-ақ Талас, Шу өңірінің түрк халықтарынан қалған ескерткіштері едәуір зерттеліп, нәтижесінде бірқатар ғылыми еңбектер де жарық көрді.

Қазақстан тарихында жарқын оқиғалардың бірі - жазба деректерде көрсетілген ортағасырлық қалалық мәдениет пен қалалардың табылуы еді. Қазақстан тек көшпелілер Отаны деп кешегі күнге дейін айтылып келген пікір жоққа шығарылып, жеріміздің өзіндік далалық өркениеттің бесігі болғандығы айқындалды. Ол өркениет дикан мен малшы, қала мен дала мәдениеттерін бойына сіңіре білген.

Шу, Талас өңірлері және Қаратаудың ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің атаулары Тамим ибн Бахр, Ибн Хордадбек, Ибн әл-Факих, Кудама ибн Джафар, Саид Гардизи және әл-Идрисилердің жазба деректердегі қалалар мен елді мекендердің ара-қашықтығын көрсеткен маршруттарында кездеседі. Бұл жазба деректердегі маршруттарға Н.Ф. Петровский /1,60/, В.В.Бартольд /2,265-302 /, А.Н. Бернштам /3,169-181/, К.М. Байпақов /4,216/ және т.б. ғалымдар талдау жасады.

Талас және Шу аңғарларындағы қалалар жиынтығы үлкен бір топты құрайды деп айтсақ қателеспейміз. Талас өңірінде күні бүгінге дейін сақталған және ортағасырларда Қазақстан территориясында ірі мәдениет орталығы болған көне шаһар – Тараз қаласы. Бұл қала жайындағы мәліметтер IV ғасырлардың аяғына жататын византиялық жазбаларда кездеседі. Тараз (Талас) туралы ортағасырлық географтар, тарихшылар мен саяхатшылар да көптеген мәліметтер қалдырған. Себебі, қала Ұлы Жібек жолындағы маңызды орындардың бірі болған. Сондықтан да авторлар Тараз жайлы жазған кездерінде, ең алдымен, оның сауда саласындағы маңызы туралы айтады. Қытай саяхатшысы Сюань-Цзянь «Таластың аумағы 8-9 ли. Бұл қалада көптеген елдердің саудагерлері аялдап, түрліше заттар әкеліп сатады» – деп жазады. Үш ғасырдан кейін ибн Хаукаль да қаланы дәл осылайша, яғни: «Тараз – мұсылмандардың түркітермен сауда жасайтын қаласы», деп суреттейді, әл-Макдисидің: «Тараз – бақтары мол, тұрғындары тығыз орналасқан үлкен қала» - деген мәліметтері бар /5,107/. Қытай деректерінде Талас /Талас-Тараз/ деген аттармен белгілі болған Тараз қаласының аты Талас өзенінің атына байланысты шыққан /6,91/.

Жазба деректерде, ежелгі Тараз қаласының төңірегінде Балү, Шігіл (Жікіл), Барысхан (Төменгі Барысхан), Отлак (Атлах), Жамуқат деген қалалардың атаулары кездеседі.

Әл-Мукаддаси Шігіл туралы: «...Шігіл Тараздан дауыс жетер жердегі шағын қала», ал Махмұт Қашқари: «Шігіл түркітердің үш аймағының бірі, екіншісі, «Тараз-Талас» қаласының жанындағы бір қалашықта тұратындар да «Шігіл» деп аталады» - деп көрсетеді /7,452/. Шігілді Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова, К.М. Байпақовтар Тараздан оңтүстік - шығыста 3 шақырым жерде орналасқан Жалпақтөбе қаласы деп көрсетеді. Жалпақтөбе VII-XII ғғ. кезеңінде өмір сүрген қала.

Әл-Мукаддасидің Төменгі Барысхан жайында «Барысхан - шығыста екі адамның дауысы жетер жерде, оны қоршаған қамал бұзылған. Мешіті базардың ортасында орналасқан» деген мәліметтері бар. Тараздан Төменгі Барысханға дейін 3 фарсах. Төменгі Барысханды Т.Н. Сенигова Тараздан солтүстік -

шығыста, Талас станциясының жанындағы Төрткүлтөбе деп көрсеткен. Төрткүлтөбе VII-XII ғғ. аралығында өмір сүрген.

Жамукат жазба деректерде: «Жамукат - үлкен. Оны қамал қоршаған. Мешіті қамалдың ішінде, ал базарлары рабатта» делінген. Жамукат (Хамукат) қаласын А.Н. Бернштам Майтөбе немесе Бесағаш қалаларының бірі болса керек деп есептейді, ал К.М. Байпақов Тараздан, солтүстік - шығыста, Сарыкемер ауылының жанындағы, Талас өзенінің оң жағасында тұрған Қостөбе дейді /4,100-108/.

Отлұқ қаласын әл-Муккадаси: «Отлұқ - көлемі жағынан бас қаламен (Таразбен) шамалас, оны қамал қоршаған. Бау-бақша оның үлкен бөлігін алып жатыр. Мешіт минада, ал базарлары рабатта орналасқан» дейді. Отлұқты зерттеушілер Жуантөбе қаласымен баламалайды /8,48/. Жуантөбе Талас өңірлеріндегі ең үлкен ұзын қорғанысты қалалардың бірі, ол VI-XII ғғ. өмір сүрген. Осы қаладан табылған түрк руникасымен жазылған «Атлах» деген жазуы бар диірмен тастың сынығы зерттеушілердің болжамының дұрыс екендігін көрсетіп берді.

Талас өңірінде жоғарыда сипатталған қалалардан өзге қалалар жетерлік. Қазіргі деректер бойынша Тараз төңірегінде 34 қала мен елді мекендер өмір сүрген. Олар астаналық қала Тараз маңына шоғырланып өзара саяси, экономикалық және мәдени қатынаста болған.

Ортағасырлық араб саяхатшыларының жазба мәліметтеріне жүгіне отырып, Талас, Шу өңірлерінен Жібек Жолының бір тармағы Түрік жолы өткенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Мысалы, әл-Макдиси, Ибн Хордадбек, Махмұт Қашқари X-XI ғасырларда өмір сүрген көптеген қалалардың атын атайды. Ибн Хордадбек пен Кудама ибн Джафар бойынша Құланнан Суябақ дейінгі аралықта Түрк жолы бойында 10 қала мен елді мекендер көрсетілген. Олар: Меркі, Аспара, Нүзкет, Ақсу, Жұл (Соқұлық), Сары (Новопокровка), Суяб, Бунджикент, Навакент, Кирмирау қалалары. Қалалардың дамуының бір себебі сауда-саттықтың өркендеуі болды. VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы ортағасырлық қалалардың шоқтығы биік Самарқандтан бастап, Отырар, Таразды қамти отырып, Шу өңіріне жетеді де, Қырғыз Алатауының асулары арқылы Шығыс Түркістанға өтеді /9,/.

Тараздан шығысқа қарай 17 фарсах қашықтықта Құлан қалашығы орналасқан. Құлан алғаш VII ғасырдың I-жартысында қытай деректерінде Цзюй-лань деген атпен кездеседі. X ғ. аяғында әл-Макдиси: «Құлан – мықты қорғалған қорғаныс қаласы, үлкен мешіт мәдинаның ішінде. Ол қазір бос қалған» деп жазады (Байпақов К.М., 2005, 279 б.). Құланның шығысында 4 фарсах жерде атауын әлі күнге сақтаған Аспара мен Мерке қалашықтары орналасқан /5,284/. Мерке қалашығы алғаш рет IX ғ. араб географы ибн Хордадбектің шығармасында аталады. Әл-Макдиси X ғ. бұл қаланы былай сипаттайды: «Мерке – орташа көлемдегі қала. Ол мықты қорғалған, ішкі қамалы бар. Үлкен мешіт бұрын шіркеу болған. Әмір ад-Даул Фаик рабатты қала қабырғасының сыртына салдырған» /5,281/. Мерке қалашығы VII-XII ғғ. өмір сүрген.

Шу өңіріндегі ортағасырлық үлкен қалалардың бірі Ақтөбе қаласы. Ортағасырлық Ақтөбе қаласына ұзақ жылдар бойы археолог М. Елеуов зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ақтөбе қаласын тарихшы У. Шәлекенов Баласағұн қаласы деп баламалайды /11,161/. Арабтың ұлы географы әл-Макдиси Баласағұн жайында «Баласағұн суы мол, халқы көп үлкен қала» дейді /12,90/. Ақтөбе (Баласағұн) тәрізді ортағасырларда өркендеген қалалар жетерлік. Бұл ескерткіштердің барлығы сол кезеңдегі түрк халықтарының отырықшылық өркениетінің жоғары дәрежеде дамығандығының бірден-бір дәлелі. Осы орайда түрк халықтарының қалалық мәдениетімен бірге дала мәдениетінің де өркендегенін айтпай кетпеуге болмас.

Қазақ жерін мекен еткен түрк көшпелілерінің негізгі шоғырланған аймағы Шу өзенінің алқабы болып табылады. Мұндағы түрк дәуірінің бірегей ескерткіштері Мерке және Жайсан ғұрыптық-мемориалды кешендері. Мерке ғұрыптық-мемориалды кешені Мерке өзенінің жоғарғы ағысындағы биік таулы альпілік шабындықта орналасқан, ал Жайсан ғұрыптық-мемориалды кешені Мерке ғұрыптық-мемориалды кешенінің солтүстігінен 120-140 км қашықтықтағы Кіндіктас тауының солтүстік баурайының далалы бөлігінен орын тепкен. Аталған ескерткіштер ұзақ жылдар бойына Ә.Х. Марғұлан атындағы археология Институты, «Түркі мұрасы» бөлімінің ғылыми қызметкерлері тарапынан зерттелініп келеді. Ғылыми ізденістер барысында XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап ортағасырлық түркі тайпаларының әртүрлі типтегі ескерткіштері табылып зерттелді. Жүйеленген ескерткіштердің құжаттары жасалып, ескерткіштер табиғи далалық ландшафтта қайта қалпына келтірілді.

Жайсан ғибадатханасын кешенді зерттеу жұмыстары 2001 жылдан бастау алды. 2008 жылғы мәлімет бойынша ғибадатханада 37 ғұрыптық-мемориалды кешендер ашылды. Әрбір ғұрыптық-мемориалды кешеннің құрамында ондаған жерлеу орындары мен тас мүсінді ғұрыптық құрылыстар, жарғас беттеріне түсірілген суреттер мен рулық таңбалар бар.

Мерке ғұрыптық-мемориалды кешенін зерттеу 1987 жылдан басталды. Батыс Түркі қағанатының орталығы Мерке ғибадатханасында көп санды ғұрыптық ескерткіштер, мазмұны бойынша өзгеше тас мүсінді қорғандар – мемориалды кешендер таралған. Оның құрамында бүгінге дейін жүздеген мемориалдық құрылымдар сақталған. Бүгінгі күні 76 тас мүсін сол қалпында тұр /13,87/.

Зерттеушінің пікірінше, Мерке ғибадатханасының географиялық және топографиялық орналасуы осы аймақтың киелі екенін көрсетеді. Биік таулы жайлаудағы Мерке өзені бойынан орын тепкен Мың бұлақ он оқ елінің киелі жері /14,25/. Мұндағы қорғандар, тас мүсінді ғұрыптық құрылыстар, алтарьлар, жартас беттеріндегі суреттер мен руникалық жазулардың бір жерге шоғырлануы бұл аймақтың киелі екендігінің бірден-бір дәлелі. Мерке ғибадатханасының он оқ будун халқының және олардың мұрагерлері түргештер кеңістігінің орталығында, Шу өзені өңіріндегі жерлерде орналасуы Мерке ғибадатханасының, Батыс Түркі қағанаты даласын мекендеген түркі көшпелілерінің рулық жерлеріндегі өзге кішігірім ғибадатханаларға қарағанда маңызды орталық ретінде орын алғандығын дәлелдей түседі /13,114-115 /.

Шу өзені алқабында түркілердің киелі мекені Мың бұлақтың орналасқандығы жайлы жаңа мәлімет жапондық түрколог Такаши Осаваның еңбегінде беріледі. Ғалымның зерттеуінше түрк қағаны Истеми византиялық елшілерді Эқ-таг тауындағы жазғы ордасында қабылдайды. Бұл жер Алтайда емес, Тянь-Шаньның таулы алқабында орналасқан /15,47-56/. Батыс түркітердің алғашқы қағандары Шығыс Түркістандағы Юлдуз даласында өмір сүрсе, олардың мұрагері Батыс Түркі қағанатының шоқтығы биік қағандарының бірі Тон ябғу қаған (618-630 жж.) астананы Юлдуздан Мың бұлаққа ауыстырған /15,47-56/. Мың бұлақ қазіргі Жамбыл облысының Мерке ауылының территориясында орналасқан.

VIII ғ. он оқ халқының жерлерінде шығыс түркітерінің көптеп қоныс аударуына байланысты, Мерке ғибадатханасымен қатар, Жайсан ғибадатханасы құрылып, қызмет көрсете бастайды. Мерке ғибадатханасына қарағанда Жайсан ғибадатханасының ғұрыптық құрылыстарының мазмұнының негізі өзгеше мифологиялық концепция құрайды /13,115 /.

Жоғарыда аталған екі ғибадатхана ескерткіштеріне жан-жақты талдау жасаған және жүйелі зерттеу жүргізген ғалым, ортағасырлық түркітердің ғұрыптық мемориалды кешендерінің топографиялық, типологиялық және мүсінді бейнелеу ерекшеліктері хронологиялық бөліністе емес, нәтижесінде аталған территориялардағы этнотарихи жағдайдың өзгеруімен шектелген әртүрлі инновациялық және мәдени трансформация болуын болжайды. Зерттеуші «Тағдырдың жазуымен қасиетті жер Батыс Түркі қағанатының орталығында екі түрлі түркі әлемінің мәдениеті қосылды және Жайсан мен Мерке ғибадатханалары бүгінгі ұрпаққа мұра ретінде қалды. Мерке ғибадатханасы бұрыннан қазақ даласында орналасқан батыс түркітердің ерекше ғұрыптық кешенін ұсынды. Жайсан ғибадатханасы 744 жылғы оқиғадан кейін Шу өзені өңірінің жерлеріне қоныстанған Шығыс түркі тайпаларының мәдениетін бейнелейді» дейді /13,117/.

1. Петровский Н.Ф. Древние арабские дорожники по средне-азиатским местностям, входящим в настоящее время в состав русских владений.- Ташкент, 1984.

2. Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период (по поводу семиреченских надписей) / Сочинения.- М., 1964.- Т. 2.

3. Бернштам А.Н. Археологические работы в Казахстане и Киргизии // ВДИ. 1940.

4. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. - Алматы, 1998

5. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары.- Алматы, 2005.

6. Зув Ю.А. Китайские сведения о Суябе// Известия АН КазССР. Вып. 3. 1960.

7. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ат-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы // Қазақ тіліне аударған алғы сөзі мен ғылыми түсінектемесін жазған А. Егеубай. - Алматы, 1997.

8. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана.- Алма-Ата, 1951.

9. Алдабергенов Н. Ұлы Жібек жолының бойында // Алматы ақшамы.- 1988. -14- қараша.

10. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.К. Археология Казахстана.- Алматы, 2006.

11. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы, 2003.

12. Волин С. Сведения арабских источников IX-XIV вв. О долине реки Талас и смежных районах. // ТИИАЭ. Т. 8.- Алма-Ата, 1960.

13. Досымбаева А.М. Батыс Түркі қағанаты. - Алматы, 2007.

14. Досымбаева А.М. Западный Тюркский каганат в культурном наследии казахской Степи // Мәдени мұра. Культурное наследие. – Астана. - 2009. - №1 (22).- Қаңтар - наурыз.

15. Takashi OSAWA. The cult relation between old Turkic kingship and their sacred mountains in the early periods of the Western Old Turkic kaganate. //Мәдени мұра. Культурное наследие. – Астана.- 2009. - №1 (22). Қаңтар- наурыз.

Резюме

Статья посвящена изучению памятников культуры тюркских племен, проживавших на территории долины рек Талас и Шу в средневековую эпоху. Информативный потенциал статьи основан на анализе широкого круга письменных и археологических источников.

Summary

This article are dedicated to the study of the problem of development of the culture medieval Turks that lived to the Talas and Shy rivers territory. The article are based to research of ancient written and archeological sources.

СЫРДЫҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ТӨРТКҮЛ ТИПТЕС ҚҰРЫЛЫСТАР

С.З.Ахмет –

ізденуші, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі 2003 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы аймағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуді кең көлемде жүргізіп келеді. Музей жыл сайын өз қаржысына археологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырып, Отырар өңіріндегі бұрын-соңды белгісіз келген жаңа ескерткіштерді зерттеп, ғылыми паспортын жасап, қорықтық аймағын белгілеуде. Археологиялық барлау жұмыстарының барысында, осы кезенге дейін 60-нен астам жаңа ескерткіштерді анықтады/1/.

Ескерткіштерді зерттеу үш бағытта нәтижелі жүргізілді. Олар Отырар ауданы жеріне қарайтын Қызылқұм шөлінің бір бөлігі, Сырдария өзенінің сол жағалауы және айдан орталығынан жырақта жатқан Қожатоғай ауылдық округіне енетін жерлер. Жаңадан табылған ескерткіштерді бірнеше топтарға бөлуге болады. Тас дәуіріндегі тұрақтар, қола дәуір обалары, ортағасыр кезеңіндегі қалашықтар, зиратар, шеберханалар, кәріз суландыру жүйелері, арық-каналдар, төрткүл типтес қорған-қамалдар.

Жаңадан табылған ескерткіштердің ішінде назар аударарлық ескерткіштер төрткүл типтес құрылыстар. Отырар өңіріндегі бұрынғы зерттеу жұмыстарының барысында табылған археологиялық ескерткіштер қатарына төрткүл типтес құрылыстар аталмайды. 1998 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауынан Шаншар, Аққорған ескерткіштері алғаш табылған болатын/2/.

Одан кейінгі төрткүл типтес құрылыс орындары 2002 жылдан бері анықталып жатыр. Төрткүл типтес құрылыстардың аталу мағынасы, географиялық орналасуы мен көлемдеріне қарай көптеген ғылыми деректемелер айтылады. Қазақ жерінде Төрткүл пішіндес құрылыстардың негізі шоғырланған аумағы Шу, Талас, Жетісу өңірі және Орталық қазақстан, Сырдария өзенің төменгі ағысында Келес өңірінде біршамасы кездеседі.

Төрткүл құрылыстарын археология ғылымдарының озық тәжірбесіне, бұрын жазылған деректерге, аңыз – әңгімелерге, т.б деректерге сүйене дәлелденген құнды еңбектер қатарына В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, К.Ақышов, К.Байпақов, А.Ерзакович, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, М.Елеуов, А.Марғұлан, М.С.Қасенов, Д.Талеев, Д.Талстовтардың еңбектерің атап өткен абзал.

В.В.Бартольд Жетісу өңіріндегі төрткүлдерді, түрік тіліндегі төрт көл деп аталған/3/.

А.Н.Бернштам Шу, Талас өңіріндегі ескерткіштерді 9 түрге бөліп, соның ішінде төрткүл түрлерін бекіністер, қамалдар, керуен сарайлар, қорғаныс құрылыстар деп бөлген/4/.

Ә.Х.Марғұлан өз еңбегінде Орталық Қазақстан төрткүлдерін селолық елді мекен, қолөнер орталығы, қыпшақ қола деп бөлген/5/.

Г.Н.Пацевич елді мекендермен қолалар орнын түрлеріне қарай алты топқа бөлген. Оның ішіндегі төрткүлдерді бекініс, керуен сарай белгілеген/6/.